

Қызылорда облысының білім басқармасының Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің «Алпамыс» бөбекжай бақшасы» КМҚК

**МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРҒА
БАЛАБАҚШАДАҒЫ ТЕАТР БОЙЫНША
ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМ**



Қызылорда қаласы 2022 жыл

ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА

Мектепке дейінгі балалық шақ-тұлғаның қалыптасуының қысқа, бірақ маңызды кезеңі және ол кезең мектеп жасына дейінгі кезеңнен басталады. Осы жылдары бала қоршаған өмір туралы алғашқы білімді алады, ол адамдарға, жұмысқа деген белгілі бір көзқарасты қалыптастыра бастайды, дұрыс мінез-құлық дағдылары мен әдеттерін дамытады, мінез дамиды. Мектеп жасына дейінгі балалардың негізгі іс – әрекеті - бұл баланың рухани және физикалық күштері дамитын қойылымдар; оның назары, есте сақтау қабілеті, қиялы, тәртіптілігі, ептілігі. Сонымен қатар, қойылымдарды ойнауға, бірлескен ойындарға қатысуға ықпал ету, онда жеке репликаларды, кейіпкерлердің эмоционалды образын беруге баулу. Сахналық қойылымдарда баланың жеке басының барлық жақтары қалыптасады, образды бейнелеу үшін мәнерлілік құралдарын қолданады және дамудың жаңа, жоғары сатысына өтуге дайындалады. Бұл психологтар мектеп жасына дейінгі баланың жетекші әрекеті деп санайтын үлкен тәрбиелік мүмкіндіктерін түсіндіреді.

Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту мүмкіндіктерін анықтауға арналған психологтар мен педагогтардың еңбектерінде балалар тілін дамытуда, олардың өмірге деген көркемдік көзқарастарын қалыптастыруда театрландырылған қойылымдар ерекше рөл атқарады. Балалар кейіпкерлерді ойнай отырып, олардың іс-әрекеттері мен мінез-құлықтарын береді және ойын арқылы тілдерін дамыта отырып, адамгершілік жақсы қасиеттері қалыптасады. Сондықтан да, театр қойылымдары балабақша тәрбиеленушілері үшін маңызды.

Әдістемелік ұсынымның мақсаты: мектепке дейінгі ұйым тәрбиеленушілеріне балабақшадағы театр бойынша педагогтерге әдістемелік көмек көрсету.

Міндеттері:

- балалардың театрға деген қызығушылығын ояту;
- балаларға сахна өнері саласындағы алғашқы дағдыларды қалыптастыру

- мектеп жасына дейінгі балаларда сөйлеудің эмоционалдығы мен мәнерлілігін дамыту;
- ұлттық ертегілерді ажыратуға ,батырлыққа, отаншылдыққа, еңбекқорлыққа үйрету;
- балалар және олардың ата-аналарында театрға және қазіргі заманғы театр қызметіне деген қызығушылықты қалыптастыру;
- қазақ халқының ұлттық мәдениетіне, салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарына қызығушылық тудыру және оларды құрметтеуге тәрбиелеу.

Күтілетін нәтиже:

- дыбыстар мен сөздерді дұрыс айтады, сөздік қоры жинақталады;
- қазақ тіліндегі сөздердің мағынасын түсінеді;
- бір-бірімен логикалық тұрғыда байланысты жеке мәліметтерді айтады;
- коммуникативтік қабілеттері дамиды.

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ТЕАТР АРҚЫЛЫ ТІЛІН ДАМУ АӘІСТЕМЕСІ

Мектеп жасына дейінгі балаларды театр арқылы дамыту әдістемесі мектепке дейінгі ұйымдарда тәрбиелеу-білім беру процесін театр түрінде ұйымдастырып,балалардың тілін дамытуды қалыптастыратын әдіс-тәсілдерді қарастырады.

Театр баланың ауызекі сөйлеу тілін қалыптастырудың, өзгелермен қарым-қатынасқа түсуін қамтамасыз ететін педагогикалық әрекеттердің бірі болып табылады. Театр әр балаға қуаныш, қызық, ұмытылмас әсер сыйлайды. Балалардың эстетикалық талғамын, қиялын дамытады. Қазақ халқының өнер жұлдыздарының бірі Ш. Айманов «Театр-адамдарды туыстыратын шығармашылық отбасы, сахна өнері-тіл жетпес құдыретті өмір шындығын білу, яғни адамның сахнаны сүймеуі мүмкін емес» - деген болатын.

Балабақшада сахна \театр\ ерекше рөл атқарады. Онда нағыз театр өнеріндегідей айшықты құралдар көмегімен- дауыс ырғағы, бет әлпетінің өзгеруі, қол қимылдары, дене бітімінің жағдайы мен жүріс-тұрысы арқылы

нақты бейнелер қалыптасады. Балалардың өзі театр ойындарын өз бетінше ойнамайды. Олардың қызығушылығын, тәрбиешінің ұсынысы бойынша және басқаруымен болатын сахналау ойындары арттырады. Театрландырылған әрекеттің алуан түрлі тәсілдері және жанрлары балаларға ойнау іс әрекетінің сипатымен ерекшеленетіні айқындалған. Сондай-ақ өздері қойған сахналық ойындар балалардың ой өрісін-кеңейтеді, балаларды әңгімеге араласуға, ата-аналарына, жолдастарына әңгімелеп беруге итермелейді. Бұның бәрі балалардың сөйлеу қабілетінің дамуына, диалог түрінде сөйлеуге, өзі алған әсерін монолог түрінде сөйлеп жеткізуге себебін тигізеді. Ертегілер дүниесіне сапар шегу балалардың қиялдау, елестету, тіпті өздерін ойдан шығару қабілетін дамытады. Әдебиеттің ең озық үлгілерінің адамгершілік рухында тәрбие алған балалар өздері шығарған ертегілермен әңгімелерінде өздерін әділетті көрсетіп, әлсіздермен жәбірленгендерді қорғап жауыздарды жазалауға тырысады.

ТЕАТР ЖҰМЫСЫНЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ МЕН ҚАҒИДАЛАРЫ

Мектепке дейінгі балалық шақ тұлғаның қалыптасуындағы өте маңызды кезең, сондықтан осы жастағы балаларды театр өнеріне баулудың маңызы зор.

Педагогтің міндеті – әртүрлі нысандарды қолдану: халық ертегілері мен ойындары, қуыршақ қойылымдары, халық ертегілерін оқу, көрмелерге атрибуттар дайындау және т. б.

Балабақшадағы театр жобасын іске асырудың негізгі қағидалары:

- театр жеке тұлғаны дамытуға және шығармашыл тұлғаны қалыптастыруға бағытталуы тиіс;
- театр балалардың жас және жеке ерекшеліктеріне сәйкес жүзеге асырылуы тиіс;
- театр балаларға мәдениетті меңгеру процесінде және мәдени орта мен қоршаған ортаның ерекшеліктеріне сәйкес жүргізілуі керек;
- балаларды театр өнері арқылы тәрбиелеуде белсенді әрі саналы дамытушы әрекетке тарту;

Балабақшадағы театр жобасын іске асырудағы педагогикалық талаптар:

- педагогтің балалармен мейірімді қарым-қатынас жасауы
- әр балаға сахналауда қызықты және түсінікті әрекетті қамтамасыз ету;
- баланың кез-келген жетістіктерін көтермелеу.

Қазақтың ұлттық ертегілері балаларға театр өнерін меңгеруде таптырмас құралы болып табылады. Ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасау, өзара ынтымақтастық, бірлескен әрекетке түрткі болуы тиіс.

Педагог балаларға қарым-қатынас дағдыларын көрсетуі қажет, яғни балалардың құрбы-құрдастарымен қарым-қатынасқа түсуі арқылы, ертегілер мазмұнын ұғынуға, рөлдерді түсініп ойнауға, ертегі кейіпкерлерінің сезімдерін еске салуға, өзге адамдарға сыпайылықпен жүгіну ережелері туралы айтуы керек.

ҮЛГІЛІК ОҚУ БАҒДАРЛАМА МАЗМҰНЫН МЕҢГЕРУГЕ ҚОЙЫЛАТЫН НЕГІЗГІ ТАЛАПТАР

Мектепке дейінгі кезең театр әлемін меңгеру үшін қолайлы кезең болып табылады. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасында Коммуникативтік дағдыларды дамыту балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, инновациялық әдістер мен технологияларды қолданып, әлеуметте ауызша қарым-қатынас жасау, диалог құру дағдыларын қалыптастыру болып табылады.

Балабақшадағы театр жобасы төмендегі топтарға:

ортаңғы топ (3 жастан бастап) - аптасына 18 сағат;

ересек топ (4 жастан бастап)- аптасына 36 сағат;

мектепалды даярлық тобы (5 жастан бастап) – аптасына 36 сағат өткізіледі.

Балабақшадағы театр жобасы балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасында белгіленген бағдарламалық талаптарды ескере отырып жоспарланады.

Ортаңғы топ үшін

- Ертегілер мазмұнын түсінуге, тыңдауға, бейнелі сөздерді есте сақтауға
- Кейіпкерлерді ойнағанда мінез-құлқын бере білуге, интонациясын қабылдауға
- Дыбыстарды анық айтуға
- Кейіпкерлерге, оқиғаларға өзінің көзқарасын білдіруге баулу.

Ересек топ үшін

- Көркем әдебиет шығармалары бойынша сахналау дағдыларын дамыту.
- Коммуникативті-тілдік, ойын, артикуляциялық дағдылар
- Таныс сюжеттер бойынша ертегілер сахналау
- Ертегі желісін ретімен орындау
- Театрландырылған әрекеттің басқа да жұмыс түрлері саусақ, үстел үсті, көлеңке және тағы басқа түрлерімен таныстыру
- Өзінің қимылын серіктесінің қимылымен үйлестіру
- Сахнада бағдарлау.

Мектепалды даярлық топ үшін

- Театрландырылған әрекеттің алуан түрлі тәсілдерін және жанрларын \ драмалық, музыкалық, қуыршақ, аңдар театры және мәнерлілік құралдарын қолдану\
- Драматизация ойындарының және режиссерлік театрландырылған әрекеттің алуан түрлерін \ қуыршақ- марионеткалар, жанды қолды қуыршақтар, ұзын бойлы қуыршақтар
- Балалардың театр ойындары тәжірибелерін байыту.

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРҒА ТЕАТР АРҚЫЛЫ САХНАЛАУДЫ ҮЙРЕТУДІҢ ӘДІСТЕРІ

Балабақшадағы театр жобасы процесін ұйымдастыруда педагогтер келесі негізгі қағидаларды:

- сахналық қойылымдарға қатысуға баулу, онда рөлді сюжетті таңдауда бастамашылық пен дербестік танытуға, ынталандыру, белгілі образды

сомдауда эксперимент жасауға, түрлендіруге мүмкіндік беруді-
басшылыққа алу ұсынылады.

Педагогтің міндеті – балалардың театр әлеміне деген қызығушылықтарын
арттыру, қойылым барысында әр баламен сөйлесу болып табылады.

Сонымен қатар заттық-дамытушы ортада көптеген импровизациялауға
ыңғайлы материалдардың болуы маңызды (суреттер театр, саусақ театр, үстел
театр, көлеңке театр, қуыршақ театр, марианетка театр, конус театр, қасық
театр, қолғап театр, маска театр, орамал театр, мультимедия театр,
мультипликация).

ТЕАТР ҮЙРЕТУДЕГІ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР

Балабақшадағы театр жобасын балаларға меңгертудің маңызды
шарттарының бірі қызықты, мазмұнды және дамытушы қойылымдарды
ұйымдастыру және өткізу болып табылады. Балабақшадағы театр жобасын
ұйымдастырудың мазмұны мен мақсаттары балалардың жас және
жеке ерекшеліктерін ескере отырып, педагог тәрбиеленушілердің
коммуникативтік дағдыларды дамытуға қол жеткізуге ықпал етеді.
Тәрбиеленушілердің коммуникативті мәдениетін қалыптастыру үшін
әртүрлі инновациялық әдістер мен технологиялары қолданылады.

Балаларға театр өнерін үйрету кезінде ойын түрлері қолданылады:
шығармашылық ойындар топтық сипатқа ие, топтардағы шығармашылық
ойындар қоғамдағы қатынастардың мәнін көрсетеді, олар, рөлдік ойындар,
драматизациялау ойындары, режиссерлік және сюжеттік рөлдік ойындар.

Сонымен қатар теледидар немесе компьютер арқылы көрсетілетін сикырлы
анимациялық әлемнің кейіпкерлері баланы театр тілінде сөйлеуге үйретеді.
Мұндай жағдайда оқыту процесі тура байланыс түрінде өтеді: балалар сөзді
естиді, кейіпкерлерді көреді, олармен бірге ән айтады, билейді.
Мультимедиялық бағдарламалар негізінде интерактивті оқыту әдістемелік,
дидактикалық, педагогикалық және психологиялық қағидаларды толық

кешенді жүзеге асыруға мүмкіндік береді, оқу процесінің шығармашылықпен қызықты өтуіне септігін тигізеді.

БАЛАЛАРДЫ ТЕАТР ӘЛЕМІ ҮЙРЕТУ ПРОЦЕСІНДЕ БАЛАБАҚША МЕН ОТБАСЫНЫҢ ӨЗАРА БАЙЛАНЫСЫ

Мектепке дейінгі ұйым тәрбиеленушілерді дамытуда ата - аналармен тығыз қарым-қатынас жасау негізгі жағдай болып табылады. Өйткені, отбасы-қоғамның негізі, ұлттық дәстүрлерді сақтаушы. Балабақша мен отбасының өзара ықпалдастығы балалардың театр өнерін толық меңгеруінің қажетті шарты болып табылады, педагогтер мен ата – аналардың өзара ықпалдастығы арқылы оң нәтижелерге қол жеткізуге болады.

Мектепке дейінгі ұйым мен отбасының театр жобасын меңгеру мәселелеріндегі ынтымақтастығының негізгі міндеттері:

- жұмыстың неғұрлым тиімді нысандарын іздестіру және енгізу арқылы балаларға театр жобасын үйрету процесіне ата-аналарды қатысуға баулу;
- тәрбиеленушілерді қазақ халқының ұлттық құндылықтарына баулу бойынша отбасылық тәрбиенің үздік тәжірибесін зерделеу және қорыту;
- әрбір отбасында мектеп жасына дейінгі балалардың қазақстандық патриотизм сезімін қалыптастыру бойынша ата-аналардың педагогикалық құзыреттілігін арттыру.

Тәрбиелеушілердің отбасыларымен өзара ықпалдастықтың негізгі түрлері:

1) Ата-аналарға педагогикалық білім беру;

отбасында ата – аналардың театр жобасы деген пікірін анықтайтын;

сауалнама – ата-аналардың сұраныстарын зерделеу, жұмысты жоспарлау;

- «Театр сахналаймыз» бұрышы (ата-аналармен тәжірибе алмасу);

- Ақпараттық стендтер; ата-аналарға арналған жаднамалар, буклеттер;

2) Шығармашылық зертхана.

«Театр әлемі өз қолыңмен» - балалар мен ата-аналар орындаған атрибуттар көрмесі. Ата-аналармен осындай жұмыс түрлері кеңінен қолданылады,

мұндай жұмыс түрлері ата-аналарға әр баланың жетістіктерін көруге мүмкіндік береді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қазақстанның болашағы бүгіннен бастау алады. Сондықтан Қазақстанның өскелең ұрпақтарының бойында патриотизм мен азаматтық сезімді тәрбиелеу қажет. Театр балалардың көркем қабілеттіліктерінің жетілдіріп қана қоймай оларды тұлға аралық қарым-қатынасқа, өнерге деген қызығушылықтарын арттырады. Сонымен бірге сахнаға бейімделген балалардың бойында өзіне деген сенім артып, алғашқы қол шапалақтауларды сезіне алады. Театр- балалар үшін мереке, демалыс орны. Ал осындай бақытқа жол ашу біздер, тәрбиешілер үшін үлкен табыс.